

## **Кеме капитанына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 2004 жылғы 19 қарашадағы N 416-I бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 13 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3271. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

**Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 13-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Кеме капитанына қойылатын біліктілік талаптары **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті (Қ.С.Мұстафин) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынуды **қ а м т а м а с ы з е т с і н .**

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі Е.Ж. Қошановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

***М и н и с т р д і н***

***міндетін атқарушы***

"Кеме капитанына қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің 2004 жылғы 19 қарашадағы N 416 - I бұйрығымен бекітілген

## **Кеме капитанына қойылатын біліктілік талаптары**

Кеме капитанына қойылатын біліктілік талаптарына мыналар кіреді:  
**Қазақстан Республикасының азаматтығы;**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің  
Көліктік бақылау комитеті берген белгіленген үлгідегі кеме капитанының  
д и п л о м ы ;

Өзен кемелерінде капитанның аға көмекшісі лауазымында 3 жылдан кем емес  
ж ұ м ы с                                  ө т і л і ;

Кеме капитаны болып жұмыс істеуге денсаулығының жай-күйі бойынша жарамдылығы туралы тиісті медициналық комиссияның қорытындысы.